Атырау қаласының әкімі М.Қалауидің төрағалығымен өткен жиналыс хаттамасы

300

Атырау қаласы 09 маусым 2022 жыл.

Төрағалық еткен: Қала әкімі М.Қалауи

Қатысқандар: Облыстық құрылыс басқармасы басшысының орынбасары Н.Құсайынов, Атырау қаласы әкімінің орынбасары Ж.Қаражанов, Қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Б.Мусакаев «Алстройпроект» ЖШС басшысы М.Бургумбаев;

Күн тәртібі:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1054 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының 5.1.2 тармағына сәйкес қаржыландырылатын жобаларды ЖАО таза әрленген тұрғын үйдің 1 шаршы метрін салудың (сатып алудың) және өткізудің республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй жобалары бойынша: *Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында және олардың қала маңы аймақтарында, Шымкент, Ақтөбе, Атырау, Ақтау, Түркістан қалаларында және Қарағанды облысында 180 мың теңгеге дейінгі* талабын Атырау қаласының Талғайран ауылындағы 19 көп қабатты тұрғын үйлер құрылысы (сыртқы инженерлік желілер мен абаттандырусыз) нысандарына мемлекеттік сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру барысында бағалық параметрлерін ескеру туралы мәселені қарастыру.

Тыңдалды:

Сөз сөйледі:

Қала әкімінің орынбасары Ж.Қаражанов:

Әрбір отбасының тұрғын үйді сатып алу мүмкіндігін жақсарту мақсатында қазіргі уақытта «Шаңырақ (5-10-20)» ипотекалық бағдарламасы жүзеге асырылуда. Оның негізгі шарттары кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылына 5% - дан аспайды, бастапқы жарна 10% - дан аспайды, кредит мерзімі 20 жылға дейін бекітілді. Аталған бағдарлама шеңберінде облысымызда көптеген отбасылар қолайлы шарттармен тұрғын үй сатып алуға мүмкіндік және осы бастаманы іске асыру өңіріміздегі тұрғын үй құрылысы индустриясының дамуына үлкен серпін беретіні сөзсіз, тұтастай алғанда облыс халқының әлеуметтік жағдайының, облыс экономикасының одан әрі өсуі, үшін үлкен әсерін тигізеді.

Осы жұмыстарды одан әрі жандандыру мақсатында талабын Атырау қаласының Талғайран ауылында 19 көпқабатты тұрғын үй салу жоспарлануда. Аталған көпқабаты тұрғын үйлердің жобасы әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізілуде. Қазіргі уақытта сараптамадан өткізілген тұрғын үйлердің құны жобаға сәйкес бір тұрғын үй құрылысының құны 2,5 млрд теңгеге бағаланған. Осы соммамен есепке алғанда пәтердің 1 шаршы метр құны шамамен **370,0-380,0 мың теңге** көлемінде шығып отыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1054 қаулысымен бекітілген Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға

арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының 5.1.2 тармағына сәйкес қаржыландырылатын жобаларды ЖАО таза әрленген тұрғын үйдің 1 шаршы метрін салудың (сатып алудың) және өткізудің республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй жобалары бойынша: *Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында және олардың қала маңы аймақтарында, Шымкент, Ақтөбе, Атырау, Ақтау, Түркістан қалаларында және Қарағанды облысында 180,0 мың теңгеге дейінгі шегінде* анықталған және де жобаларды іске асыру кезінде тұрғын үйдің 1 шаршы метрін салу және (немесе) сатып алу құнының көзделген шегінен асып кететін шығындар жергілікті бюджет қаражаты есебінен өтеледі делінген.

Аталған мәселені ескерсек, шекті бағадан асқан сомманы қаржыландыру үлкен қаражатты талап етеді және жергілікті бюджетке айтарлықтай салмақ салуы мүмкін.

Күн тәртібіндегі мәселені талқылап қарап жиналыс
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Қала әкімінің орынбасары Ж.Қаражанов, Қалалық құрылыс бөлімі ММ-нің басшысы Б.Мусакаевқа:
Атырау қаласының Талғайран ауылында көп қабатты тұрғын үй құрылысы, Жалға және несиеге берілетін 19 көпқабатты тұрғын үй (сыртқы инженерлік желілер мен абаттандырусыз) нысандарына мемлекеттік сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру барысында жергілікті атқарушы органның жалға берілетін тұрғын үйінің таза әрленген 1 шаршы метрі үшін салу (немесе) өткізудің яғни Астана, Алматы және олардың қала маңы аймақтарында, Атырау, Ақтау қалаларында (инженерлік желілердің құнын есептемегенде) – 180,0 мың теңгеге дейін бағалық параметрлері ескеріліп, жергілікті бюджеттен қосымша қаржыландыруды ескере отырып пәтердің 1 шаршы метр құны 300,0 мың теңгеден асырмау параметрімен жүзеге асырылсын.

Хаттама екі данада жасалды, 3 беттен тұрады.

Төраға _____ М.Қалауи

Хатшы _____ Б.Мусакаев

Таныстырылды:

_____ Облыстық құрылыс басқармасы басшысының орынбасары - Н.Құсайынов

_____ Қала әкімінің орынбасары - Ж.Қаражанов

_____ Құрылыс бөлімінің басшысы - Б.Мусакаев

_____ «Алстройпроект» ЖШС директоры - М.Бургумбаев